

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 1-ші аралық бақылауға арналған сұрақтары

Пәні:	«АМСК деңгейіндегі балалар аурулары»
Пән коды:	AMSKDBA 6302
ББ атауы және шифры:	«Жалпы дәрігерлік тәжірибе» 6B10112
Оқу сағаты/кредит көлемі:	420 сағ/14 кред
Оқу курсы:	6
Оқу семестрлері:	11,12

ШЫМКЕНТ 2025 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы

62/22 ()

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

53 беттің 2 беті

Құрастырушы ас. Аюлиева Б.М.

Кафедра меңгерушісі

м.т.д. профессор Досыбаева Г.Н.

28.08.2025 хаттама № 2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 3 беті

<question> Бала полиомиелитпен ауырды, бұдан кейінгі егуге қатысты қандай әрекет қолданылады?

<question> Ішек дисфункциясы неге қарсы егу жасалғаннан кейін туындауы мүмкін:

<question> Туа біткен қызамыққа қандай белгі тән?

<question> COVID-19 балаларындағы жаңа коронавирустық инфекцияның расталған жағдайына клиникалық белгілері бар пациенттерді жатқызады:

<question> Аминохиолин тобы препараттарының жағымсыз әсері көрінеді: түсіну

<question> Бала жөтелмен, еңтігумен, интоксикациямен инфекциялық ауруханаға жатқызылды. 5 күн ауырды. Емді ЖРВИ бойынша жақсартусыз амбулаториялық негізде алды. Тексеру кезінде, бұл жағдайда, covid-19 кезінде кеуде қуысының КТ-ға тән дәлелдік өзгерістер болады:

<question> Тұмаудың эпидимикалық кезеңінде ковидинфекцияға күдікті балалардың ұйымдасқан топтарын емдеуге жатқызу жоғарылады. Балалардың жағдайы орташа ауыр деп бағаланды. Балалардағы COVID-19 орташа ауыр ағымы үшін клиникалық көрініс көрінеді :

<question> Нәрестеде ему кезінде ауыз үшбұрышының жеңіл көгеруі байқалады. Аускультацияда: бірінші тон өзгермеген, екінші тон кеуденің алдыңғы қабырғасы мен жауырын аралыққа таралатын систоло - диастолалық шумен үйлескен. Осындай тума жүрек ақауы кезінде қанның ағысы болады:

<question> Балаға 9 ай. Жағдайы ауыр. Ылғалды жөтел, жайылған цианоз, қосымша бұлшық еттерінің қатысуымен еңтігу. Өкпе үстінде-қорапты дыбыс. Аускультативті – екі жақтан ұсақ көпіршікті сырылдар. Рентгенограммада – өкпе алаңы мөлдірлігі күшейген. Диафрагма төмен орналасқан. Бронх обструкциясы ұстамасын басу үшін қолданатын препараттың әсері:

<question> 2 айлық науқаста жоғары қозғыштық, гиперестезия, йек дірілі, ащы мазасыз айғай, тахикардия, жоғары сіңірлік рефлексстер, тоникалық тырысулар. Қандағы глюкоза мөлшері – 5,5 ммоль/л, кальций – 0,9 ммоль/л, магний – 0,92 ммоль/л. Төмендегі тізімдердің біреуі балада тырысу синдромын тудырады?

<question> 3,5 айлық қыз балада жеңіл тершендік, бұлшықеттік гипотония, шүйде аймағының шашының түсуі, жеңіл пероральді цианоз. Бұл науқастың биохимиялық қан анализінде көруге болады:

<question> Қабылдау кезінде анасы 3 айлық баласының активті гуілдемеуіне шағымданды.

<question> Бала 7 айлық, ІІ жүктіліктен туылған, физиологиялық ағымда. Объективті: өз бетінше отыра алмайды, маңдай және төбе төмпешіктері көзге айқын көрінеді, қабырғалық «таспих» пальпацияланады, Гаррисон жүлгелері бар. Бұлшық ет тонусы төмендеген. Бауыры қабырға астынан 2 см шығып тұр. Басқа ағзаларда өзгерістер жоқ. Қанның биохимиялық анализінен қандай өзгерістер күтеміз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 4 беті

<question> Үш айлық бала 3000гр дене салмағымен, бойы 50 см., Аpgар межесі бойынша 8-10 балл бағасымен туылды. Бірден айғайлады, туылғаннан соң алғашқы 30 минутта бірден кеудеге жатқызылды, қазіргі уақытта жасанды тамақтанады. Жүктілік анасында бірінші рет, жасы 17 жаста, жанұясы толық емес, темекі шегетін, білімі 9 сыныптық. Баланың әкесі жоқ. Баланы апасы мен атасы қарайды. Жанұяларының материалды жағдайы жақсы. 1,5 айлығында аралас тамақтандыруға ауыстыру кезінде гнейс, бетінің қызаруы мен сулану, сүттік, тұрақсыз нәжіс пайда болды. 3 айлығында диатездің өршу фонында сәбіз шырынын бергеннен соң, отитпен асқынған ЖРВИ қосылды. Денсаулық тобы II Б. Медициналық қарауларды жүргізу уақыты :

<question> 1 айлық бала. Ана сүтімен қоректенеді. Учаскелік педиатр баланы үйде қарау кезінде баланың дамуын бағалайды және баланың қозғалып бара жатқан қызыл шарға қарағанын, дәрігер дауысын тыңдағанын, күлгенін, іште жатып басын көтеріп, ұстағысы келетінін, анасының дауысына жауап ретінде жеке дыбыстар шығаратынын байқады. Дәрігер баланың жүйке-психикалық дамуын қалай бағалайды?

<question> 4 жастағы баланың білезік-алақан буынының рентгенограммасында ұзын түтік тәрізді сүйектердің метафиздерінің кеңеюі, шекара сызығының айқын болмауы, әктелінуі байқалады, остеопороз. Қандағы Са—2,05 ммоль/л, Р—0,65 ммоль/л, сілтілік фосфатаза—2437 бірлік. Көрсетілген мәліметтерді бағалаңыз :

<question> Ваня, 2 жаста. Анамнезінде бір ай бұрын ЖРА ауырған. Бірінші рет анықталған: жүрек шектері кеңейген, жүрек ұшында функциональды интенсивті емес систолалық шу, жүрек жетіспеушілік симптомдары. ЭхоКГ-да анықталатын өзгеріс :

<question> Балада ТБЖА анықталған. Қарағанда терісінің бозаруы, шаршағыштық, аяқтарында ісік, бауыры 3см шығынқы қабырға доға астынан, тахикардия анықталған. Жөтел жоқ, өкпесінде тынысы қалыпты, сырылдар жоқ. Ықтимал жағдай :

<question> 7 күндік мерзімімен туған нәресте. Емшек сүтімен тамақтанады, бір рет емгенде 20-30 мл сүт сорады. Анасында сүт жетпейді. Қосымша сүт қоспасын және су ішпейді. 38 ге дейін дене қызуының көтерілуі байқалады. Қарағанда катаральды белгілер жоқ. Мүшелер бойынша патологиялық өзгерістер жоқ. Осы жағдайдың себебі :

<question> 4 айлық бала. Краниотабес байқалады, үлкен еңбегі 2,5x2 см , жиектері жұмсарған. Бұлшықет гипотониясы. Тістері жоқ. Қанда кальций 1,8 ммоль/л, фосфор 0,8 ммоль/л. Рахит қойылған. Аурудың осы ағымында сүйек жүйесінде болатын өзгерістер :

<question> 7 жасар қыз бала. Балықтарды тамақтандырғаннан кейін ұстама тәрізді қиналып жөтел, дем шығарудың қиындауы пайда болған. Анамнезінде жиі суық тиіп ауырады. 2 жасқа дейін балада тағамдық аллергия байқалған. Өкпеде шашыраңқы құрғақ сырылдар, тахикардия естіледі. Осы ауру патогенезінің негізіне жатады:

<question> 5 жастағы балада 3 жыл бойы вентолинмен жойылатын қайталамалы тұншығу эпизодтары. Ауруханаға түскен кезінде тыныс шағаруы қиындаған, ТЖ 56 рет 1 мин, өкпеде ысқырықты сырылдар, тынысы екі жақтан әлсіреген.. Қан анализінде болатын өзгерістер :

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 5 беті

<question> 8 жасар қыз бала жедел жәрдем машинасымен жеткізілген. Ауа жетпеу сезіміне, тыныс шығарудың қиындауына, қиын бөлінетін қақырықты жөтелге шағымданады. Бұл жағдай жедел дене шынықтыру сабағанда басталған. Бала экземамен ауырған. Өкпеде екі жақты сырылдар естіледі. ТЖ 48 рет мин. 128 рет мин. Осы ауруда рентгенограммада болатын өзгерістер :

<question> 3 айлық балада ЖРВИ дан кейін қайтадан дене қызуының фебрильді санға дейін жоғарылауы болған. Құсады. ТЖ 64 рет мин, тыныс алуы қиындамаған. Мұрын қанаттары керілген. Жылағанда периоральды цианоз байқалады. Перкуторлы қорап реңкілі дыбыс, қатқыл тыныс, оң жақта төменгі бөлікте тыныс әлсіреген. Жүрек шектері кеңеймеген. Баладағы ЖРВИ-дің ағымын асқындырған ауру :

<question> 1 жасар балада ЖРВИ дың 3 күні ұстама тәрізді жөтел, мазасыздық, тыныс шығарудың қиындауымен кеуде клеткасының жұмсақ жерлерінің ішке тартылуымен көрінетін еңтігу пайда болған. Дене қызуы қалыпты. Өкпеде екі жақты шашыранды құрғақ, ысқырықты сырылдар естіледі. Жағдайының нашарлауына әкелген ауру :

<question> Бала 4 айлық. Ауырғанына 2 күн болған. Мұрын қанатарының керілуімен, ерін мұрын үшбұрышының цианозымен көрінетін, аралас типті еңтігу байқалады, ТЖ 72рет мин. Өкпеде диффузды ылғалды сырылдар естіледі. Жедел бронхиолит диагнозы қойылған. Осы аурудың ықтимал этиологиясы :

<question> 5 жасар балада салқын тигеннен кейін ринофарингит анықталды, әрі қарай дене қызуының жоғарлауы, аралас еңтігу және оң жақ өкпенін төменгі бөлігінде перкуторлы дыбыстың қысқаруы пайда болды. Осы аурудың ықтимал себебі:

<question> 8 айлық қыз бала. Дене қызуы субфебрильды. ТЖ 40 рет минутына, мазасыздық, қиын бөлінетін қақырықты жөтел шағымдарымен ауруханаға түскен. Өкпеде екі жақты шашырынды құрғақ және ылғалды сырылдар. Осы ауруда өкпе клеткасының рентгенограммасында болатын өзгерістер:

<question> 1,5 жасар бала 40 жастағы анадан туған. Қарағанда келесі симптомдар анықталды: беті жалпақ, кеңсірігі жалпақ, көз қиығы «монғол» тәрізді, психомоторлы дамуының қалыс қалуы, төстің сол жақ қырында дөрекі систолалық шу, бұлшықет гипотониясы. Осы аурудың даму себебі:

<question> 1,5жастағы бала ревматикалық емес кардитпен 6 ай бойы бақылаудатұр. Соңғы тексерісте еңтігу, акроцианоз анықталған, өкпе артериясындаII тон күшейген, жүрек ұшында қысқа систолақ шу. ЖСЖ 116 рет 1 мин. Кеуде клетка рентгенограммада жүрек көленкесі кеңейген, өкпе сүретінін әлсіреуі. Аурудың асқынуы... .

<question> Екінші жүктіліктің 39-40 аптасында 1-ші туылымнан туған 7 тәуліктік нәресте перинаталды орталықтың физиологиялық және патологиялық бөлімшесінде емделуде. Анасының жүктілік кезеңі созылмалы пиелонефрит және тонзиллит барысында өткен. Бала 2 денсаулық тобына кіреді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 6 беті

Клиникалық қан анализінде эритроцит - $5,2 \times 10^{12}$ /л, гемоглобин - 183г/л, ТК - 1,0, лейкоцит - $11,2 \times 10^9$ /л, таяқша ядролы - 1%, сегмент ядролы - 45%, эозинофилдері - 3%, моноцит - 6%, лимфоцит - 45%, ЭТЖ - 2мм/сағ. Сіздің диагнозыңыз:

<question> 2-айлық науқаста гиперқозулы, гиперестезия, иектің треморы, козушан айқай, тахикардия, сіңір рефлекстері жоғарылаған, тоникалық тырысулар байқалады. Қандағы глюкоза деңгейі - 5,5 ммоль/л, кальций деңгейі - 0,9 ммоль/л, магний деңгейі - 0,92 ммоль/л. Баладағы тырысудың мүмкін себебі:

<question> БЦЖ белгісі дамымаған 3 айлық баладағы тактиканы анықтаңыз:

<question> Эритематозды дақтар фонында өлшемі 0,2-0,5см болатын, ішінде серозды - іріңді сұйықтық бар көпіршіктер мен бос көпіршіктер пайда болған. Басылатын жерлерде орналасады, интоксикация симптомдары байқалады. Өмірінің алғашқы аптасының соңында немесе кейін пайда болады. Бұл ауруына тән:

<question> Емханада жаңа туылған балаға жалпы қан анализі тағайындалды. Нәтижесінде нейтрофилмен лимфоциттің бірдей көрсеткіші анықталды. Мерзіміне жетіп туылған баланың қан формуласындағы бірінші қиылыс неше жасында болады:

<question> Дәрігерге 9 айлық баласымен анасы келді. Көп салмақ қосуға шағымданады. Жасанды тамақтандырылады. Психомоторлы дамуы қалыпты. Ағзалар бойынша патология жоқ. Паротрофия ІІ дәрежесі анықталды. Балада артық дене салмағы қанша пайызды құрайды?

<question> Қабылдауда 6 айлық баласы бар ана. Тынышсыздыққа, азуға, салмағының төмендеуіне шағымданады. Қарау кезінде тамақтиануы төмен, тері қабаты бозғылт, құрғақ. Гипотрофия ІІІ дәрежесі анықталды. Балада артық дене салмағы қанша пайызды құрайды

<question> Ұл бала 2,5 айлық. Екінші жүктіліктен, жүктіліктің ІІ жартысы гестоз фонында өткен. Туылған кездегі салмағы 3600 грамм, бойы 53 см. 3,5 аптадан бері әр емізгеннен кейін «фонтанды» құсуға дейін жиі кекіру. Объективті: тері қабаттары бозғылт, құрғақ мраморлы суретпен, тері асты май қабаты жоғалған, тургор төмендеген, бұлшық еттік гипотония. Ішкі ағзалар бойынша өзгеріс жоқ. Қарау кезінде бала салмағы 4300 грамм. Науқаста мүмкін болатын диагноз:

<question> 7 жастағы бала, дәрігерді үйге шақыртқан. Анасының айтуы бойынша қиын дем алады, еңтікпе, жөтел, дене қызуының жоғарылауы $38,9^{\circ}\text{C}$ – қа дейін, ауырғанына 4 күн болған. Жалпы жағдай ауыр, тыныштық кезінде еңтігеді, ЧД -50 мин тыныс алуға қосымша бұлшық еттер қатысады, мазасыз, дистанционды сырылдар естіледі. Перкуссияда өкпеде қораптәрізді дыбыс, ірі көпіршікті, құрғақ және ылғалды сырылдар естіледі. Жүрек тондары түйықталған. Тахикардия 120 рет мин. Аталған тексерулердің ішінде науқасқа тиімдірегі:

<question> 3 айлық бала. Анасы баласының туылғаннан бастап емізгенде және мазасызданғанда шулы, алыстан естілетін дем алуын айтады. Стридор анықталған. Осы балада стридордың себебін анықтаңыз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 7 беті

<question> 8 жастағы балаға үйге шақырту. Дем шығрумен қоса тұншығу ұстамасына, қиын бөлінетін қақырықты жөтелге шағымданады. Анамнезінен ЖРВИ –ді өткізген, үйінде ем алған, күнделікті дем шығарумен қоса тұншығу ұстамасы басталған, ұстама түнгі уақытта, сальбутамол ингальциясымен басылады. Объективті: жағдайы орташа ауырлықта, дистанционды ысқырықты дыбыс, тыныс жиілігі 32 рет минутына. Өкпеде қорап тәрізді дыбыс, ұзартылған дем шығарумен бірге қатаң дыбыс. Өкпе үстінің барлық алаңында құрғақ ысқырықты сырыл. Жүргізілген емшаралардан кейін жағдайы нашарлады. ЖРВИ емінің тиімділігінің келесі индикатор бойынша бағасы:

<question> Науқас Т 13 жаста. Бала диагностикалық орталықта тексеріліп және диагноз қойылды: МК ревматикалық емес зақымдалуы. Емнің бірінші кезектегі мақсаты болып табылады:

<question> Бала дәрігер қабылдауында, диагнозы: митральді клапан пролапсі (МКП). МКП дамуын жою мақсатында басты диагностикалық шараларды көрсетіңіз:

<question> Қыз бала 14 жаста. Анамнезінен 2 айлығында, атопиялық диатез құрғақ балалық экзема формасында байқалған. Уақыт өте келе бөртпелер денесінің барлық бөлігіне таралған. Тауық еті, балық, шоколад, цитрусты өнімдер, қарақұмақ ботқасын қолданғаннан кейін жағдайы нашарлаған. Бойы және дене бітімі жасына сәйкес. Мекен жайы бойынша аллергологта және дерматологта тексеріліп тұрады. Аллергологиялық зерттеудің нәтижесі бойынша: қан сарысуында жалпы IgE деңгейі-550 ЕД/л (қалыпты жағдайда 70 ЕД/л). Аллерген-спецификалық IgE-ге қарсы антитела, овоальбуминге (+++), овомуцин(+++), апельсин(+++), тауық еті(++), шаң(+++ дейін 5сериясы), кітапхана шаңы(++), иттің жүні(++), мысық жүні(++ анықталған). Науқастағы сенсibiliзацияның сиппаты:

<question> Қыз бала 3 жаста, анасының айтуы бойынша шағымы; терісі бозарған, тәбеті төмен, әлсіздік, тітіркенгіш, мазасыз. II жүктіліктен туылған, жүктілік ағымы токсикозбен өткен, жетілмей туылған (дене салмағы 2100 г, бойы-49см). 2 айдан бастап жасанды тамақтанған, жеміс шырынын, көкөніс пюреімен тамақтанбаған. 5айдан бастап рационға ботқа қосқан. 3,5 және 9,5 айда ЖРВИ- мен ауырған, 1,5 жаста- пневмониямен ауырған. Қосымша тексеру жоспарына жатпайды:

<question> Ұл бала 1 жаста анасының айтуы бойынша шағымдары терісі бозарыңқы, әлсіздік, тәбетті төмен. II жүктіліктен, жетіліп туылған, жүктілік ағымы анемиямен өткен. 3 айдан бастап аралас тамақтандырға. Ішек дисбактериозымен, ЖРВИ- мен жиі ауырған. Мешел ауруына қарсы профилактика жүргізбеген. Жасқа толғанмен жүрмейді, бірінші тісі 11 айында шыққан. Диагноз: Теміртапшылықты анемия, нормохромды, гиперрегенераторлы, ауыр формасы. Гипотрофия II дәрежесі алиментарлы-жұқпалы этиологиялы. Мешел II дәрежесі, жеделдеу ағымы, өршу кезеңі. Емнің тиімділігін көрсетіңіз:

<question> Педиатрға тұрмыстық жағдайы төмендеу отбасынан 7 жасар бала келіп қаралды. 1 жасында жедел пневмониямен ауырып, сауыққан. 2жасынан бөбекжайға барады. ЖРВИ мен жиі ауырады. 3 жасында таңдай миндалиналарының 2ші дәрежелі аденоиды мен гипертрофиясы анықталған. 4 жасында шырышты-ірінді қақырықпен жөтел пайда болды. Ауруы ЖРВИ фонында 3-3,5 айға ұласқан. Жөтелі субфебрильді температурамен қосарласқан. Ауруының кезекті өршуі кезінде қаралған. Дене бітімі астениялық, тамақтануы төмен. Дене Т

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 8 беті

37,2°. Созылмалы гипоксемия симптомдары жоқ. Перифериялық лимфа түйіндері ұлғаймаған жақасты лимфа түйіндерінен басқа. Мұрынмен тыныс алуы қиындаған, аздаған шырышты бөлінділермен. ТЖ-18/мин. Өкпе перкуссиясында: анық өкпелік дыбыс, екі жақта да құрғақ орташа көпіршікті ылғалды сырылдар естіледі. Тыныс шығаруы ұзармаған. Балаға мынадай диагноз қойылған: Рецидивирлеуші бронхит, асқыну сатысы. Балада мына ауруларды біреуіні жоққа шығару керек:

<question> 7 жасар бала жедел ауырды. Дене Т 39°қа көтеріліп, мынадай шағымдар: жалпы мазасыздық, тәбетінің төмендеуі, мұрны бітуі сирек құрғақ жөтел мазалады. Қарағанда Т 38° дене бітімі дұрыс, тамақтануы қанағаттанарлық, бетінің терісінде гиперемия, везикула, мұрнынан шырышты бөлінді, периоральды цианоз, конъюнктиваның гиперемиясы, құрғақ жөтел көрінеді. ТЖ-34/мин, ЖСЖ-138/мин. Жұтқыншақты қарағанда: аңқаның гиперемиясы, жұтқыншақтың артқы қабырғасы дән тәрізді қалындау шырыш шығуда. Жақасты және мойын лимфа түйіндері үлкен бұршақ тәрізді ұлғайған, тығыз эластикалы ауырсынусыз. Өкпеде перкуторлы дыбыс, тынысы қатаң, өкпенің барлық аймағында. Өкпенің екі жағынан да құрғақ және ылғалды орта көпіршікті сырылдар естіледі. Бауыр шеті қабырға доғасынан 3см шығыңқы, жұмсақ, ауырсынусыз, нәжісі ботқа тәріздес, тәулігіне 2рет. Зәр шығаруы жиі. Қойылған диагноз: ЖРВИ. Жедел бронхит. Зерттеу жоспары:

<question> 4 айлық қыз бала жедел ауырды. Дене Т 38° мазасыздық, тәбеті төмендеуі, мұрнынан шырышты бөлінділер, құрғақ жөтел мазалаған. Панадол, супрастин, жылы сұйықтық қабылдаған, бірақ жағдайы жақсармаған. Ауруының 3ші күні еңтігу мен жөтел күшейген. Қарағанда жағдайы ауыр: Т 38,2, мазасыздық, жиі ылғалды жөтел. Айқын таздану, шүйде аймағы жалпақтануы, бұлшықеттік гипотония, периоральды цианоз. ТЖ-52/мин, қосымша бұлшықеттердің қосылуымен, тыныс шығаруы ұзарған. Өкпеде-перкуторлы қораптық дыбыс. Тынысы қатаң төменгі бөліктерінде оң жақтан әлсіреген. ЖСЖ-140/мин. Жүрек шекаралары қалыпты. Жүрек тондары тұйықталған. Іші желденген, бауыры қабырға доғасынан 3см ге шығыңқы. Сіздің болжам диагнозыңыз мына синдромнан басқа:

<question> 1 жас 4 айлық бала 2 дәрежелі рахит белгілерімен, 1 сатылы гипертрофия және аллергодерматозбен 2 ай алдын ошақты пневмониямен ауырған. Стационарда жатып, комплексті ем қабылдаған. Ауруының 9шы күні баланы анасы субфебрильді температура мен жөтеліне қарамай ауруханадан алып кеткен. 2ай өткеннен кейін анасы емхана пульмонологына мына шағымдармен: шырышты, шырышты-іріңді қақырықпен ылғалды жөтелге ұзаққа созылған субфебрилитет 37,4, тәбетінің төмендеуі, тершендік, еңтігумен қаралды. Қарағанда терісі боз, ауыз-мұрын үшбұрышы сұрғылт түсті. ТЖ-36/мин. Өкпе перкуссиясында оң жақ бұғана тұсында дыбыстың қысқаруы мен ылғалды орта және майда көпіршікті крепитациялық сырылдар естіледі. Жүрек шекаралары жасына сай. Рентгенограммада: өкпенің S_m сегменті кішірейген, өкпе бөліктері эмфизематозды. Болжам диагнозыңыз:

<question> Балаға 5 ай. Қаңтар айында туылған, ауруханаға тырысу синдромымен түскен. Анасының айтуы бойынша, бала жылаған кезде бетінде, денеге және аяқ-қолдарға тез тарайтын тырысулар пайда болған. 2-3 минуттан кейін таза ауада демалғаннан тырысулар жоғалып кеткен. Балаға 3 айлығында рахит диагнозы қойылған, Д витаминімен белсенді емделген. Қысқа уақытты тырысулар наурыз айында қайталанған, бірақ анасы мән бермеген, қарау кезінде рахиттің белгілері анықталды: үлкен еңбегі 1,5*1,0, жиектері тығыз. Қандағы кальций мөлшері – 1,2ммоль/л, фосфор-0,9ммоль/л. Тырысу синдромының мүмкін болатын себебін анықтаңыз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 9 беті

<question> Бала 1 айлық. Анасы жиі лоқсуға тамақтанудан кейінгі және бірнеше сағаттан кейінгі пайда болатын лоқсуға шағымданады. Лоқсу массасының көлемі тұрақты емес, лоқсу ұйыған сүт тәрізді сипатта. Тамақтануы кедей, нәжісі қалыпты консистенциялы, патологиялық қоспасыз, диурез жеткілікті. Дене салмағын 1 айда 650 грамм қосқан. Анамнезінен туылуы тездетілген. Апгар шкаласы бойынша 5-7 балл. Өмірінің бірінші күнінен лоқсиды. Лоқсудың себебі:

<question> Туылғаннан 12 сағаттан кейін нәрестеде сарғаю пайда болып, қарқыны күшейіп келеді. 24 сағаттан кейін билирубин деңгейі – 360 мкмоль/л, тура емес – 254 мкмоль/л. Нәрестеге алмастырып қан құю операциясы жүргізілді. Оған қандай көрсеткіш болды:

<question> 7 жасар балаға «ревматикалық емес кардит», идиопатиялық, жүрек өткізгіш жүйесінің зақымдануы, созылмалы ағымды диагнозы қойылған. Осы балада сіз қан айналым жеткіліксіздігінің симптомын анықтаңыз:

<question> «Шұғыл түрде стационарға жолдаңыз, бициллин – 1 беріңіз, жоғары қызба немесе ауырсынған кезде парацетамолдың 1 дозасын беріңіз» – осы ұсыныс мына кезде беріледі:

<question> 4 айлық қыздың анамнезінде тұрақсыз нәжіс, вакцинациядан кейін ішек дисфункциясы дамыған.

Осы жағдайды шақыратын вакцина:

<question> Желшешекпен ауыратын 4 жасар балада ауруының 3 күні дене қызуы 39,0⁰С дейін жоғарылаған, макула, везикула, қабыршақты бөртпелер сақталған. Аузының шырышты қабатында және конъюнктивасында көп мөлшерде бөртпелер пайда болған. Дәрігер шақыруына «үрген тәрізді» ұстамалы жөтел себеп болған:

Ауруының 3 күні болған өзгерістер байланысты:

<question> 7 айлық балада обструктивті синдроммен өткен жедел вирусты респираторлы аурудан кейін 1,5 ай бойы әлсіз субфебрилитет, кейде өнімсіз жөтел, оң жақ жауырын астында локальді ұсақ көпіршікті сырылдар.

Күмәндануға болады:

<question> Бала уақытында туылған, 1-жүктіліктен, жүктілік қалыпты өткен. Резус-фактор сәйкессіздігі бар. Босанудан 1 апта бұрын анасы гепатитпен ауырып қалған. Туылған кездегі дене салмағы 3250 г, бойы-51 см. 3-ші күні тері және склераның сарғаюы байқалған. Бала активті, жақсы емеді. Нәжісі сары. Бауыры 1 см. Көкбауырды пальпациялау мүмкін емес. Сарғаюдың себебі:

<question> 7,5 айлық бала уақытысында туылған, дамуы жақсы. Мешелге қарсы 2 ай тәулігіне 15 ХБ Д2 дәруменін қабылдаған. Соңғы уақытта тәбеті нашарлаған, құсу байқалады, мазасыз, шөлдеу, іші қатады, дене қызуы субфебрильді, мандай және төбелік дөңестер айқын, «четки», үлкен еңбегі жабық. Терісі құрғақ, бозғылт. Лейкоцитурия бар. Бала жағдайының нашарлау себебі:

<question> Табиғи тамақтандырылатын 4 айлық бала. Дамуы жақсы. Қосымша тамақтандыру манка ботқасынан басталған. Мазасыздана бастаған, бетінің гиперемиясы, қас аймағында

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 10 беті

қабыршақтанулар, аяғында қыштитын бөртпелер. Конъюнктивасында шамалы гиперемия. Үлкен дәреті жиіленген, сұйылған.

Осы симптомдар мына аурудың көрінісі болады:

<question> Клиникаға жиі ауыр ағымда және ұзақ уақыт өтетін респираторлы аурулармен ауыратын 8 айлық бала түсті. Бала артық тамақтанады, аз қозғалады, тері асты шел майы пастозды. Құлақ қалқаны артында қабыршақтар, алсан суланады. Блефарит, лимфа түйіндерінің барлық топтары ұлғайған. Рентгенологиялық тексеруде айырша бездің ұлғаюы байқалады. Балада анықталған симптомдар мына аурудың көрінісі:

<question> Бала 14 жаста 3 жыл бойы бронх демікпесімен ауырады. Бірден құрғақ жөтел барысында жағдайы нашарлап, ентігу пайда болған. Өкпесінде шашыранды құрғақ сырылдар, оң жағында әлсіз тыныс.

Науқас жағдайының нашарлау себебі:

<question> Қан құрамындағы сарысудағы жалпы билирубиннің деңгейінің көтерілуінен пайда болатын нәрестелердің шырышты және тері қабаттарының көрінерліктей сары түске боялуының байқалуы қандай көрініске жатады:

<question> Мерзіміне жетіліп туылған нәрестеде сарғаю «созылыңқы» болып саналатын уақытты көрсетіңіз:

<question> Нәрестенің туылған кездегі салмағы 3000г. Жасанды тамақтандыруда. Бала 15 күндік. Тағамның тәуліктік мөлшері дене салмағынан қанша болуы керек?

<question> Перзентханаға 27 жастағы әйел, ауыр гестозбен түсті, 23 апталық салмағы 560 гр нәстені АОТ босанды. Нәресте жағдайы нашар болып, 2 тәулікте қайтыс болды. Бұл өлім қандай:

<question> Перзентханаға 30 жасар әйел адам жеткізілді, диагнозы: мерзімінен бұрын босану - 36 аптада. Преэклампсияның ауыр дәрежесі. Сусыз кезеңі 20 сағат. Ұрықтың жүрек соғысы естілмейді. Қайтыс болғандығы мәлімделді. Нәрестенің қайтыс болу себебі:

<question> Қыз бала бірінші жүктіліктен, физиологиялық босанудан. Анасында созылмалы пиелонефрит. 30-32 аптада ауруы асқынуы болды. Босану қағанақ судың ерте құйылуымен асқынған. Салмағы 3500гр туылды. 3 тәулікте табиғи қабаттарда пустулалар пайда болды. Жалпы жағдайы өзгермеген. Балада пайда болған:

<question> Жаңа туылғандар мен жас балаларға арналған Фалло тетрадасына хирургиялық түзету келесі жаста жүргізіледі:

<question> Нәресте І-ші жүктіліктен, гестация мерзімі – 42 апта, салмағы 4,5кг, бұғана үсті, - асты аймақтарда, балтыры мен табандарында ісінулер. Тілі үлкен. Даусы қарлыққан, кеңсірігі кең. Емүйі әлсіз. Өмірінің 3-ші күні терісі сарғайып, ол 2 апта бойы сақталады. Қан анализінде: Эритроциттер $3,8 \times 10^{12}$ /л, гемоглобин 148 г/л. Ықтималды ақпаратты зерттеу:

<question> ОЖЖ (ИВЛ) аппаратында ұзақ жатқан нәрестелерде жиі болатын асқынулар:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 11 беті

<question> Сепсис кезінде дамиды терілік геморрагия көріністерін түсіндіреді:

<question> Бала А., 3 күндік, босану үйінде обсервация бөлімінде жатыр. Кольпит және созылмалы фетоплацентарлы жеткіліксіздік фонында 2 жүктіліктен 38 аптада туылған. Салмағы – 3800 г. Апгар шкаласы бойынша 7-8 балл. Терісі қызғылт түсті, кішкене сарғаюлар бар, жылы, ұстағанда жұмсақ. Бала ұйықтап жатыр. Баланы қарауды жүйе бойынша қарауды бастаған дұрыс:

<question> Бала 1 күндік. Жалпы қарау жасағанда терісінің сарғаюы анықталды. сізге міндетті түрде анамнезінен қосымша мәліметтер керек:

<question> Нәрестенің алақанын басқан кезде басын шалқайтып, аузын ашып жауап қайтаруы:

<question> Мерзіммен туылған бала В гепатитіне қарсы вакцинациядан кейінгі екінші күні температура 37,6 - 38,5 ауқым аралығында, реакцияның ауырлық дәрежесін бағалайды:

<question> Жаңа туылған нәрестенің екінші күні гиперестезия, орталық жүйке жүйесінің депрессиясы, тәбетінің төмендеуі. Сепсиске күдік бар. Дифференциалды диагноз қою керек:

<question> Бала туғаннан кейін бірнеше сағаттан кейін еріндерге, жұмсақ тіндердің ісінуіне көбік пайда болды. Негізінен аяқтарында тері жамылғысында петихия, цианоз байқалады. Рентгенограммадағы өкпенің өріс мөлшерінің төмендеуін түсіндіріңіз:

<question> Жүктіліктің 32-ші аптасында, 1700 гр., салмақпен туған 3 күндік балада, тыныс тоқтаудың 20-25 секундқа созылған, 3 ұстамасы дамыды. Ұстама тамақтанудан кейін болды. Ұстама кезінде пульс жиілігі минутына 140 рет, бала қозғалысы тоқтап минутына 100 ретке дейін төмендеді. Эпизодтар арасында баланың жағдайы қалыпты болды. Қандағы қант құрамы 5,0 ммоль/л-ге тең. Қан сары суындағы кальций қалыпты. Тыныс тоқтауының себептері:

<question> Шала туған нәресте өмірінің бірінші күнінде тыныс жиілігі минутына 70 рет, қабырға аралық ойыстарының және төс ойысының ішке тартылуы байқалады, ыңқылдаған тыныс. Кеуде қуысы бөшке тәрізді, перкуторлы дыбыссыз, қан анализінде патология жоқ. Науқастың рентгенограммасында қандай өзгерістер болуы мүмкін?

<question> Қант диабеті бар анадан туылған әрестеде 3 ші тәулікте мазасыздық гиперестезия, қолында тремор тахикардия, тахипноз, тоникалық тырысулар пайда болды. Қанда глюкоза деңгейі 2,85 ммоль/л, қан РН 7,35, кальций деңгейі 1,75 ммоль/л. Осы жағдайды дұрыс бағалаңыз:

<question> Бала тыныс алусыз дүниеге келді, реанимациялық іс-шаралар сәтті, бірақ қалыпты тыныс әлі қалпына келген жоқ. Қабырға аралық кеңістіктер тартылған, кеуде қуысының кебуі байқалады. Ықтимал асқынулар болып табылады:

<question> Бронх демікпесі емінде ұзақ уақыт қабылдағанда жиі жағымсыз әсерлері көбірек препараттар:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 12 беті

<question> Тыныс алу жетіспеушілігі мен ұсақ көпіршікті сырылы бар 2 жастағы балаға рентгенография жасалынды. Аталған рентгенологиялық белгілердің қайсысы пневмонияны бронхиолиттен ажыратуға көмектеседі:

<question> Бала 9 айлық. Клиникаға түскендегі шағымы: жөтел, еңтігу, дене қызуының көтерілуі 38°C дейін. Объективті: жағдайы ауыр, тері жамылғылары бозғылт, жайылмалы цианоз, еңтігу, қосымша бұлшық еттерінің қатысуымен. Перкуссияда өкпе дыбысы «қораптық дыбыс». Өкпенің екі жағында майда көпіршікті сырылдар. Рентгенограммада-өкпе алаңында мөлдірлеп жоғарлаған, диафрагмасы төмен тұр. Қойылған диагноз: Жедел бронхиолит. Жедел бронхиолиттің ауырлық жағдайын қандай симптом басты болып анықтайды:

<question> Бала 5 жаста, ауырғанына 3 күн болған – дене қызуы 39 град дейін жоғарлаған, жөтел.Бала әлсіз, жылайды, терісі бозғылт акроцианозбен. Перкуторлы – оң жақ жауырын асты аймағында перкуторлы дыбыс қысқарған, осы жерде тынысы әлсіреген.Терең тыныс алғанда – ошақты крепитация. Рентгенографияда – оң жақ төменгі өкпе бөлігінде кеңейген қараю, оң жақ синус жабық. 2 күннен кейін кеудесінде жедел ауырсыну пайда болған, терісі бозғылт. ТАЖ минутына 52рет. ЖСЖ 144 рет минутына. Жүрек шекарасы солға 2 см дейін ығысқан . Перкуторлы оң жақтан қораптық дыбыс. АҚҚ 95/65 мм.с.б.б Науқас жағдайының нашарлау себебін көрсетіңіз:

<question> Балаға 11 ай, дене бітімі диспропорциональды, артық көлемде тамақтану, дене салмағының жетіспеушілігі 22 %. Табиғи қатпарлары қызарған, терісінде экссудативті – эритематозды бөртпелер бар. Лимфоидты тінде жайылған гиперплазия анықталады, тимомегалия.Жалпы қан анализінде- салыстырмалы лимфоцитоз, моноцитопения.Балада ары қарай келесі клиникалық синдром дамуы мүмкін:

<question> Аурудың жедел басталуы. Қысқа мерзімді субфебрильді гипертермия. Аурудың 3-ші күнінде құрғақ «әуілдеген» жөтелдің болуы, даусының сырылдауы, мазасызданғанда еңтігу. Мұндай ауруды тудырушы:

<question> Аурудың жедел басталуы. Алғашқы сағатта жөтел құрғақ, келесі күндері-қақырықпен. Қақырық шырышты, көп емес. Еңтігу жоқ. Аускультацияда диффузды құрғақ, ірі және орташа көпіршікті ылғалды сырылдар естіледі. Рентгенде өкпе суреті айқын, ошақты инфильтратты өзгерістер жоқ. Қабыну процесінің орналасқан жері :

<question> Балада туыла салысымен еңтігу бар. ЖРВИ-дің бірінші көрінісі айқын тыныс жетіспеушілік симптомдарымен, ұзаққа созылған жөтелмен, өкпеде сырылдармен өтті. Рентгенограммадакөкірек қаңқасының бір бөлігінің гомогенді көлеңкеленуі және көлеңкеленген жаққа средостенияның ығысуы байқалады. Ауру: Өкпенің тума ақауы, өкпе аплазиясы. Бұл патологияда не орын алады:

<question> Бала 8 жаста. Микоплазмалық пневмония деген диагноз қойылған. Жедел кезеңнің ИФА диагностикасы болжайды:

<question> 5 жасар балаға кеш назокомиалды вентилятор-ассоциацияланған пневмония деген диагноз қойылған. Пневмонияның даму мерзімі:

ОҚҰСТЫҚ ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 13 беті

<question> Бала 2 жаста. Жағдайы ауыр. Дене қызуы фебрильді, акроцианоз. Жөтелі қақырықпен. Қосымша бұлшықеттің қатысымен экспираторлық еңтігу. Көкірек қаңқасы эмфизематозды үрілген. Өкпе тұсында тимпанит. Әлсіз дыбыстың фонында өкпенің барлық аймағында көптеген ылғалды сырыл крепитациямен. Тахикардия 160 минутына. Келесі клиникалық симптом пневмонияның белгісіне жатады:

<question> Бала 12 жаста. Ауруханаға «Созылмалы бронхит» деген диагнозбен түскен. Созылмалы бронхиттің негізгі клиникалық симптомды:

<question> 12 жастағы қыз бала. Соңғы 5 жыл бойы аптасына 2 – 3 рет тез өінен-өзі жойылатын немесе эуфиллин қолданғаннан кейін кететін, тұншығу ұстамасы, болған. Антибактериалық ем нәтижесіз. ПСВ 18% құрайды. Тайлед қабылдағаннан кейін тұншығу ұстамасы сирегендігі байқалған. Бронх астмасы ағымының ауырлығы:

<question> Бала 3 айлық. Шала туылған. Көкжөтел тәріздес құрғақ жөтелі бар. Еңтігу мен цианозы бар. Өкпе дыбысының тұйықталуы жоқ, тынысы қатқыл, аздаған ылғалды сырыл. Өкпе рентгенограммасында ошақты көлеңкелер, шекарасы біркелкі емес («ақша қар»тәріздес), лобулярлы үрілумен. Пневмонияның болжам тудырушы себебі:

<question> Аурудың жедел басталуы, қызба, жиі азапты жөтел, өкпеде сперкуторлы және аускультативті өзгерістер аясында айқын үдемелі еңтігу. Бұл жағдай тән :

<question> Ерте жастағы балаларда обструктивті бронхит мына қосарланған аурулармен қатар жүреді:

<question> Рецидивті(қайталамалы) бронхит деп аталады:

<question> Бронх астмасының атопиялық формасына аллергиялық реакцияның келесі типі тән:

<question> Бронхтардың жоғары реактивтілігі байқалады:

<question> Бронх астмасының ұстамасы кезінде дамйтын асқынуға жатпайтыны:

<question> Астматикалық статус дегеніміз – бұл бронх астмасы ұстамасының созылуы ... сағаттан ұзақ.

<question> Астматикалық статустың II кезеңіне (декомпенсация) тән:

<question> Астматикалық статустың III кезеңіне тән емес:

<question> Өкпенің идиопатиялық гемосидерозының лабораториялық анализінде болмайды:

<question> Құрғақ плевритке тән симптомдар жиынтығын көрсетіңіз:

<question> Созылмалы пневмониямен ауыратын науқастардың негізгі санаториялық категорияларына кірмейді:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 14 беті

<question> Созылмалы пневмониясы бар балаларды қарағанда ... анықталады:

<question> 7 айлық сәби жасанды тамақтанады. Адаптацияланған тамақ қабылдайды, бірақ, 2 күн бұрын анасы сәбиіне сиыр сүтін берген, одан кейін тәулігіне 10 ретке дейін үлкен дәрет және 1-2 реттік қайталамалы құсық пайда болған. Қарау кезінде сәби мазасыз, тері серпімділігі төмендеген, көзі кіртіген, жылау кезінде жас жоқ, үлкен еңбегі кіріңкі, кілегейкабаты құрғақ, ерні қызыл түсті, жүрек тондары тұйықталған. Сусыздану ауырлығын бағалаңыз:

<question> Бала, 10 күндік, 3400 салмақпен туылған, перзентханадан 4-ші күні шығарылды. Емшек сүтімен тамақтанғаннан кейін бірінші күннен көп реттік құсу, іш өту анықталды, дене қызуы мен улану белгілері жоқ. Копрограммада нәжіс Ph-5,5-ке дейін төмендеген, майлы қышқыл ++. Клинико-лабораториялық белгілер сәйкес:

<question> Бала 2300 г. салмақпен туылды, бойы 46 см, жүктіліктің 1 және 2 жартысында токсикоз болған. Бала емшек емеді. Жаңа туылған нәрестені алғаш қараған кезде, бойы және салмағы бойынша кідірісі бар екені анықталған, салмақ-бой көрсеткіші 50 құраған. Құрсак ішіндегі гипотрофияның дәрежесін анықтаңыз.

<question> Туылғанына 7 күн болған нәрестені учаскелік педиатр қарап шықты. Анамнез бойынша: бірінші жүктілік, анасының жасы 18, шешесі шылым тартады, жүктілік барысында I және II жартысында токсикоз болған. Босануға қолдау жасалған, сусыз кезең 8 сағат, кіндігі тамағын бір орап туылған. Шешесі жұмыс істемеген, тұрмысқа шықпаған, ата-аналарымен тұрады, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары қанағаттандырарлық. Тұқым қуалаушылық ауыр емес. Бала емшек емеді. Бала қандай денсаулық тобына жатқызылады?

<question> Бала 1 айлық. Емшек емеді. Баланы үйіне келіп қараған кезде, учаскелік педиатр баланың жүйке-психикалық дамуын бағалады және бала қозғалып бара жатқан қызыл шарды бір қалыпты бақылайтынын, дәрігердің сүзін тыңдайтынын, күлетінін, қарнында жатып, басын көтеруге және ұстап тұруға тырысатынын, мамасы сөйлегенде жауап ретінде жеке дыбыстар шығаратынын байқады. Дәрігер баланың жүйке-психикалық дамуын қалай бағалайды?

<question> 2 айлық баланың жүйке-психикалық дамуын тексеру кезінде анықталды: эмоционалдық реакциялары - сөйлегенге бірден күлімсірейді; жалпы қозғалыстары - білектеріне сүйеніп, басын жоғары көтеріп алып, қарынымен ұзақ уақыт жатады; қолтығынан ұстаған кезде аяғына сүйенеді және тізесі бүгілмей тұрады; ересек адам көтеріп тұрған кезде басын тік күйде ұстап тұра алады, сөйлеу реакциялары - ұйықтамағанда былдырлап сөйлейді; көзбен көру реакциялары - қозғалып бара жатқан затты ұзақ бақылайды, тік жағдайда ойыншықтарға қарайды, есту реакциялары - қатты дыбыс шыққан кезде, қайдан шыққанын іздейді. Жүйке-психикалық дамуын бағалаңыз.

<question> Бала 12 айлық. Егер бала еңбектесе, орнынан тұрса және тұрып тұрса, отырса, заттарды қозғалтса, бір-бірінен шығарса, бірақ бір-біріне салмаса, ересек адамның айтқанын және сұрағанын орындаса, "болмайды" деген сөзді түсінсе, заттарды формасы бойынша айырса, түсінікті сөйлемде заттардың атауын жалпыласа, "мама" деп айтса, кеседен ішсе, бірақ оны ұстай алмаса, қалыпты жағдай туралы куәландыратын даму жолын таңдаңыз. Жасқа сәйкес келетін даму жолы:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 15 беті

<question> Генеалогиялық анамнезінде гипертониялық дертке шалдыққан үш туысқаны бар және біреуі қант диабетімен ауырады, 3 жастағы жиі ауыратын бала үшін арнайы шындаудың басым әдісін таңдаңыз:

<question> Бала 7 жаста, тоңып қалғаннан кейін қатты ауырып қалған, дене қызуы 39,0С дейін көтерілген, құрғақ жөтел, бас ауруы пайда болған. Дәрігерде қаралғаннан кейін оң жақтағы пневмония анықталған және бала стационарлық емделуге жіберілген. Бала сауығып кеткеннен кейін емханада қанша уақыт қаралуы қажет?

<question> 10 жастағы бала. Тотықты қақырықпен жөтелге шағымданады.Тексергенде: пневмония белгісі табылды. Берілген симптом пневмонияның қай түріне тән?

<question> 1,5 жастағы бала. Жиі суық тиіп ауырады. 5 айлығында синуситпен, ал 7 айлығында отитпен ауырған. Дене салмағы тиістіден артық. Аурудың клиникалық типі :

<question> Қабылдауда 6 айлық бала. Мазасыздық, арықтау, салмағының төмендеуі шағымдарымен келген. Қарау барысында тәбеті төмендеген, тері жамылғылары бозғылт, құрғақ. Гипотрофияның 2 дәрежесі анықталды. Балада дене салмағының дефициті:

<question> 3,5 айлық балада жеңіл тершендік, бұлшық ет гипотониясы, желкесінде шашының түсуі, жеңіл пероральді цианоз байқалады. Рахит диагнозын қою үшін қандай диагностикалық зерттеулер жүргізу қажет, тек біреуінен басқа:

<question> Бала 6 жаста. Мектепте оқуға дайындалып жатыр. Биологиялық жасы құжаттағы жасына сәйкес келеді. Бала бақшаның бағдарламасын белгілі бір қиындықтармен меңгерді. Мектепке жетілу деңгейі - 6-7 балл. Қарсылығы төмен. Сіз оны қандай дайындық деңгейіне жатқызасыз?

<question> Бала 4 жас 3 айлық. Соматикалық дені сау. Сөйлеу және сенсорлық дамуында тежелу бар. Биологиялық анамнезі жақсы. Отбасы материалдық жағынан қамсыздандырылған. Анасының білімі 8 сынып. Отбасында 21 және 36 айлық тағы екі бала бар. Мамандардың қорытындысы бойынша бала сау. Бұл баланы дамыту үшін не ұсынуға болады?

<question> Мешелді емдеу кезінде "Д" гипervитаминозының уақытылы алдын-алу үшін қолданады:

<question> Балада температураның жоғарылауы, әлсіздік. 2 жасынан бастап созылмалы бронх өкпелік процесс бойынша Д-бақылауда, жылына 2-3 рет өршиді. Өкпеде құрғақ және ылғалды орташа көпіршікті сырылдар. Рентгенограммада – сол жақ бронхтардың деформациясы, өкпе түбірінің кеңеюі. Диагностикалау үшін қолайлы қадам :

<question> 6 жасар бала тәбетінің төмендеуіне, локализациясы белгісіз іштің ауырсынуына шағымданды. Қарағанда: жалпы жағдайы қанағаттанарлық, терісінің және шырышты қабаттарының бозаруы. Температура жоқ. Катаральды көріністер жоқ. Ішкі органдары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 16 беті

патологиясыз. Гемограмма нормада. ЖЗА-оксалатурия +++ . Науқасқа қандай емдік тағам қолайлы:

<question> 3 айлық қыз баланың анасы жалпы тәжірибелік дәрігерге қызының 2 айдан бері нашар еміп, бір емгенде 50-70 мл сүт ғана еметініне және тез ұйықтап қалатынына шағымданып келді. Емгенде қатты терлейді, терісі бозарып, тынысы жиілейді, көздің, ауыздың айналасы

ОҚҰСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 42 беті

көгереді. Бала бозарған, жылағанда мұрынауыз үшбырышының цианозы, еңтігу пайда болады, тыныс жиілігі – минутына 60 рет, жүрек жиырылу жиілігі минутына 150 рет. Жүрек үндері тұйықталған. Жүрек ұшы бұғана орта сызығынан 2,5 см сыртқа орналасқан, шулар жоқ. Өкпеде тынысы қатаң. Бауыры қабырға астынан 2,0 см шығыңқы. Анасы жүктіліктің 20 аптасында ЖРВИ – мен ауырған Босануы қалыпты өткен.

Клиникалық диагнозды қою үшін ақпаратты зерттеу әдісі:

<question> 12 жасар қыз балаға үйге шақыру түсті. Қызбаға, қалтырауға, жүрек аймағынын ауыруына шағымданады. Перкуторлы: жүректің барлық шекаралары кеңейген. Аускультацияда: үндері тұйықталған, жүрек ұшында, 3-4 қабырғааралықта жүрек фазасымен байланыссыз, қар сықыры тәріздес, басса күшейетін, иррадиацияланбайтын шу естіледі. Диагноз нақтылау үшін зерттеу әдісі:

<question> Қабылдауда ұл бала. Дәрігер қараудан сон дені сау екенін анықтап, эпидемиялық паротитке қарсы егу бөлмесіне жолдады. Эпидемиялық паротитке қарсы егу жүргізіледі:

<question> Қабылдауда 4 жасар бала. Сүтті ботқа жегеннен кейін пайда болатын көпіршікті нәжіске шағымдануда. Анасының айтуы бойынша нәжіс ақшыл-сарғыш түсті, майлы жылтыр, шырыш және қан болмаған. Қараудан кейін полигиповитаминоз симптомдары, физикалық дамуда артта қалуы анықталды, іші үлкейген, бала өрмекші кейпінде. Амбулаторлы жағдайда лабораторлы зерттеулерлер жүргізілгеннен кейін балаға целиакия диагнозы қойылды. Баланың тамақтану рационанынан алып тастау қажет:

<question> Отбасылық дәрігер қарауында 4 айлық бала. Салмағы - 6800гр, бойы - 63 см. Жүйке-психикалық дамуы жасына сай. Перинатальды ОЖЖ зақымдануы бойынша невропатологта есепте тұрады. Екпелерді уақытымен алады. Баланың денсаулық тобы:

<question> 3,5 жасар қыз бала. Таңертең жоғары температурамен 39,6⁰С оянған, аузынан сілекей аққан, тамағы ауырған, дисфагия, афония. Басын атрқа шалқайтып отырады. Тынысы стридорлық, кеуде клеткасының ішке тартылуы. Кешке баланың дені сау болған. Кеуде клеткасының бүйірлік рентгенограммасында: «үлкен саусақ симптомы он». Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> 4 айлық қыз. Шағымдары: ылғалды өнімді жөтел, мұрын бітелуі. Ауырғанына 3 күн болған. Бүгін жағдайы бірден нашарлаған: дене қызуы 39С дейін жоғарылаған, анасының төсін ембейді, дистанционды сырылдар естіледі. Қарап тексергенде: терісі бозғылт,ылғалды, периоральді цианоз, беткей тыныс, аралас типті еңтігу, ТЖ 60 рет мин, қабырғааралықтың және мойын шұңқырының ішке тартылуы, PS 160 рет мин, аускультативті – әлсіреген тыныс фонында барлық алаңда көптеген әртүрлі калибрлі ылғалды және құрғақ сырылдар естіледі. Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Дәрігерді шақырту кезінде 8 жасар баланың тері жамылғысының бозғылттығы, әлсіздік, дене қызуының 39,0 градусқа дейін жоғарылауы, акроцианоз, тыныштық кезінде еңтігу, ТЖ – 50 рет мин, пульс – 100 рет мин. Перкуссияда жауырын бұрышының астында

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 43 беті

өкпелік дыбыс қысқарған, сол жерде аускультацияда ылғалды майда көпіршікті сырыл естіледі. Жүрек үні тұйықталған.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Бала 6 жаста, дене қызуы $37,4^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылап, денесіне бөртпе шықты. Жанұялық дәрігер жұтқыншағының артқы қабырғасының, бадамша бездерінің, доғашықтарының аздаған гиперемиясын байқады. Бүкіл денесінде, қолының жазғыш бетінде, бетінде, жамбасында ұсақ дақты алқызыл бөртпелер көрінеді. Шүйде лимфа түйіндерінің мөлшері 5 мм. Анамнезінде тағамдық аллергиясы бар. Кеше шоколад жеген, 3 апта бұрын бала бақшасында балалардан жәншау (скарлатина) анықталған.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Бала 5 жаста ауырғанына 4 күн болған. Алғашқы күннен бастап дене қызуы $38-39,2^{\circ}\text{C}$ болған, мұрынның бітелуі, жөтел, әлсіздік, жарықтан қорқушылық. Қарап тексергенде бадамша бездерінің, жұтқыншақтың артқы қабырғасының және доғашығының гиперемиясы және ісінуі байқалады, жұмсақ таңдайдың «алалығы», ауыз қуысының шырышты қабатында көптеген ұсақ нүктелі дақтар көрінеді.

Диагноз қоюда диагностика критерийлері:

<question> Бала бақшаның үлкен топ балаларын диспансерлік қарауда бірнеше баланың тұрақты жөтелуі анықталды. Олардың мұрынмен тыныс алулары айқын қиындаған, ауыздары ашық, мұрындарынан шырышты іріңді бөлінділер байқалады. Осындай бөлінді жұтқыншақтың артқы қабырғасынан да байқалады. Ауыз жұтқыншақтың шырышты қабаты калыпты түсті.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> 8 айлық балада атопиялық дерматит көріністері бар жедел респираторлы аурумен ауырады. Аурудың 4 күні қатқыл үрген тәрізді жөтел пайда болған, жалпы мазасыздық, дем алу барысында кеуде клеткасының ішке кіруімен еңтігу, шулы тыныс, қарлыққан дауыс.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Дене қызуы субфебрильді және ұзақ уақытты жөтелі бар 2 жасар балада еңтігу, ауызмұрын үшбұрышының цианозы. перкуторлы дыбыстың тұйықталуы және өкпенің төменгі бөлімінде тыныстың әлсіреуі, көкірек аралықтың аздап оңға ығысуы пайда болды.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> 8 жасар бала ауруының екінші тәулігінде аңқа дифтериясына күмәнмен стационарға түсті. Дене температурасы $38,0-39,0^{\circ}\text{C}$, жұтынғандағы қатты ауырсынулар, бадамша бездерінің айқын гиперемиясы, бадамша ойықтарында ақ-сары борпылдақ жабынды аралшықтары, ауырсынады, тонзиллярлы лимфотүйіндерінің аздап ұлғаюы.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Дәрігердің профилактикалық қабылдауында 2 жасар бала. Өмірінің 1 жылы жиі суықтаулар. Қарап тексергенде: мұрын арқылы тыныс алуы қиындаған, даусы бәсеңдеген, мойын лимфа түйін топтарының бәрі ұлғайған, бадамша бездерінің гиперплазиясы. Аңқасында катаральді көріністер және мұрнынан бөліністер жоқ.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 44 беті

<question> 7 жасар балада дене температурасы фебрильді көрсеткіштерге дейін жоғарылап, жүрек ауырсынуы мен жүректің қағысы байқалған. Тері қабаттарының бозғылттығы, жүрек шекарасының солға ұлғаюы, тахикардия, транзиторлы экстрасистолия, жүрек үндерінің әлсіздігі, 5ші нүктеде интенсивті емес систолалық шу анықталған.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Бала 5 жаста, ұзаққа созылған пневмониямен ұзақ уақыт стационарда ем қабылдаған. Антибиотик және инфузиялық терапия қабылдаған. Дәрігер ауруханадан шығармас бұрын ұлғайған және борпылдақ бадамша лакуналарында ақ және жеңіл алынатын жабынды анықтаған, тонзиллярлы лимфатикалық түйіндер тығыздалған және ұлғайған, пальпация кезінде ауырсынуы

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Бала 12 жаста. Жедел ауырған. Температурасы 39°C , айқын интоксикация симптомдары, жұтынған кезде ауырсыну. Жұтыншақ сақинасының диффузды гиперемиясы және аздаған ісінуі. Бадамшаларда - мөлдір сұйықтықпен бөлек-бөлек қызыл везикулар. Тонзиллярлы лимфа түйіндері ұлғайған, бірақ ауырсынуы.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Балаға гемолитикалық ауру диагнозы қойылды. Сарғаю туылғаннан бастап. Өмірінің 1 күні гемоглобин 140 г/л, кіндікбау қанында бос билирубиннің концентрациясы 70 мкмоль/л. Бауыры қабырға доғасынан 3,5 см, көкбауыры 2 см шығыңқы.

Осы балада емдеу әдісі:

<variant> қанды ауыстырып құю

<variant> эрит. масса құю

<variant> венаға ақуыз препаратын енгізу

<variant> жарықпен емдеу

<variant> химиотерапия

<question> Бала 3 жүктіліктен (алғашқы 2 медициналық абортпен аяқталған). Анасы 23 жаста, әйелдер консультациясында болмаған. Босану уақытына жетіп 3300 г салмақпен, 51 см боймен туылған. Туылғандағы жағдайы қанағаттанарлық. Өмірінің 1 күнінің соңына қарай сарғаю пайда болған. Бала әлсіз, бұлшықет гипотониясы. Ембейді. Бауыры қабырға доғасынан 2 см шығыңқы, көкбауыры – қабырға доғасының бойымен.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Гемолитикалық аурумен ауыратын балада өмірінің 8-ші күні гемоглобин 150 г/л, бос билирубин 70 мкмоль/л, байланысқан - 100 мкмоль/л. Бауыры қабырға доғасынан 2 см шығыңқы, көкбауыры қабырға доғасы бойымен.

Ем тағайындаңыз:

<question> Балада А (II) қан тобы, анасында О (I). Туылғандағы жағдайы қанағаттанарлық. Сарғаю өмірінің 3 күні пайда болған. Бауыры қабырға доғасынан 1,5 см шығыңқы. Көкбауыр қабырға доғасының бойымен. Өмірінің 4 күніндегі қан анализінде: бос билирубин 66 мкмоль/л, байланысқан - 0, гемоглобин 140 г/л, эритроциттер $3,4 \times 10^{12}/\text{л}$, лейкоциттер $15 \times 10^9/\text{л}$.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 45 беті

<question> 4 айлық бала дене салмағын аз қосады, тәбеті төмендеген. Туылғандағы салмағы 3400г., қазіргі салмағы 5400г. қарау барысында бозғылт, терісі бос, ішінде тері асты май қабаты жоқ, аяқ-қолдарында төмендеген. Тургоры төмендеген.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> 3 айлық бала салмақ аз қосады, тәбеті төмендеген. Қарау барысында бозғылт, ішінде тері асты май қабаты жоқ, аяқ-қолдарында төмендеген. Салмақ дефициті 23%.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Бала 6 жаста психикалық дамуда өзі қатарлы балалардың алдында, мазасыз, кейде агрессивті, логоневрозбен, энурезбен ауырады. Ұйқысы бұзылған, түнгі қорқулар байқалады.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Бала 6 жаста көктемде қала сыртында бірден жөтел ұстамасы тұншығумен басталды. Ұстама 10 минуттан кейін дәрінің көмегінен тоқтады. Осындай қысқа уақытты ұстамалар бір жыл бұрын да болған. Анамнезінде – тағамдық аллергия. Қарау барысында: жөтел және еңгігу жоқ, атопиялық дерматиттің көріністері. Өкпесінде қораптық перкуторлы дыбыс, әлсіз тыныс, сырылдар естілмейді. Қан анализінде: лейкоциттер $8,7 \times 10^9/\text{л}$; эозинофилия 9% дейін, ЭТЖ - 10 мм/сағ. Кеуде клеткасының рентгенограммасында мөлдірлігінің күшеюі, бронхтамырлық суреттің күшеюі, түбірлерінің күшеюі.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> 6 жасар балада соңғы жылы ЖРВИ обструктивті синдроммен бірнеше рет қайталанған. Осы ауру 15 күн бұрын аз уақытты дене қызуының $37,5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауымен басталған. Қарау кезінде дене қызуы қалыпты, экспираторлы еңгігу, жөтел, өкпесінде құрғақ сырылдар.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Бала 5 жаста ауруының 6 күні ауруханаға жатқызылған, мынадай шағымдармен: дене қызуының жоғарылауы, тұрақты ылғалды жөтел шырышты-іріңді қақырықтың шығуымен, физикалық жүктемеден кейінгі еңгігуге. 2 айлығында көкжөтелмен ауырған, 1 жасынан бастап қайталамалы оң жақтық төменгі бөліктік пневмониямен ауырған. Физикалық дамуы артта қалған. Аускультацияда: оң жақ ортаңғы бөлігінде ұсақ көпіршікті ылғалды сырылдар.

Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Бала 3 жаста клиникаға мынадай шағымдармен түсті: ұстама тәрізді жөтел, жөтел кешкі ас үстінде бала шие компотын ішіп отырғанда бірден басталған, ұстама 20-30 минутқа созылған. Приступ кезінде беті күңгірт қызыл болды. Түнде ұстама бірнеше рет қайталанды. Қарау барысында: аңқасы гиперемияланған, даусы қысылған. Аускультативті: оң жақ төменгі бөлігінде аздаған әлсіз тыныс, оң жақ өкпенің бүкіл аймағында ылғалды орта және ірі көпіршікті сырылдар естіледі. Анамнезінде өсімдіктердің шаңына риноконъюнктивит түрінде аллергиясы бар.

Осы жағдайда диагнозды нақтылау үшін ең ақпаратты тексеру әдісі:

<question> 6 жастағы бала нәрестелік кезеңде ортаңғы бөліктік пневмонияны басынан өткерген. Одан кейінгі уақытта пневмония жылына 3 ретке дейін қайталанып отырған, жиі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 46 беті

синуситтар. Физикалық дамуында айтарлықтай артта қалған. Терісі бозғылт, кеудесінде айқын тамырлық сурет, микрополиадения. Бадамшалардың гипертрофиясы. Жүрек үндері түйықталған, төс сүйегінің оң жағынан ортаңғы бұғана сызығымен естіледі. Өкпесінің бүкіл аймағында құрғақ және әртүрлі калибрлі ылғалды сырылдар естіледі. Ағасында ХОБЛ және әкесі жағынан әжесінде бронх демікпесі. Сіздің болжамды диагнозыңыз:

<question> Эпилепсия бойынша ем қабылдайтын 5 жасар балада дене температурасы 37,8⁰С дейін жоғарлады, бетінде, денесінде және аяқ-қолдарында дақты-папулезді ұсақ бөртпелер пайда болды, бетінде және қолының сыртқы беткейінде қанық қызыл, жұтқыншақтың артқы қабырғасының гиперемиясы байқалады.. Ауыз қуысы шырышты қабаты жылтыр, ашық-қызылт, шүйделік лимфа түйіндері ұлғайған. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<question> Атопиялық дерматитпен ауыратын 2,5 жастағы балада екінші күні әлсіздік, дене қызуының 37,5⁰С дейін жоғарылауы байқалды. Қарау барысында мұрнының бітелуі, бадамшаларының ісінуі, көптеген артқы лимфатуйіндері пальпацияланады, тахикардия. Терісінде, аяқ-қолдарының жазғыш буын бетінде көп емес ұсақ дақты ашық қызыл түсті бөртпелер. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<question> Нәрестелердің бактериалды пневмониясында антибактериалды емнің ұзақтығын есептеңіз:

<question> Нәрестенің клиникалық жағдайы қанағаттандырарлық: белсенді, ұйқы мен сергектік кезеңдерін ажыратамыз, жақсы емеді, дене қызуы тұрақты, бауыр мен көкбауыр өлшемдері қалыпты, зәрі ақшыл, үлкен дәреті қалыпты. 3 күні қан сарысуында жалпы билирубин деңгейі ± 205 мкмоль/л (12 мг/дл). Сіздің іс-әрекетіңіз:

<question> Жаңа туған нәрестеде кіндік жарасы қансырауда, кефалогематома, тері мен шырышты қабаттарындағы петехиалды бөртпелер, өмірінің 2 тәулігінде мелена пайда болды. Болжам диагноз:

<question> Нәресте І-ші асқынбаған және қалыпты өткен жүктіліктен. Босанудан жетіліп туылған нәрестеде өмірінің 3-ші күні дене терісінде, аяқ-қолдарында бірен-саран 2-2,5см өлшемдегі ортасында сұр-сарғыш түсті, шамалы тығыздалған эритематоды дақтар пайда болды. Баланың жалпы жағдайы нашарламаған, дене қызуы қалыпты. Диагноз қойылған: Токсикалық эритема. Тиімді емдеу амалы:

<question> Нәресте асфиксиямен туылған. Туылғаннан кейін 2 сағаттан соң еңтігу, ЖЖЖ- 66 рет минутына, «Доңыз қорылы» тыныс шығару, төстің түсіп кетуі пайда болды. Кейіннен мұрын қанатшалары кернелген, парадоксальды тыныс, ернінде көбік. Қойылған диагнозы: ДС І типі. Сурфактант тағайындалды. Сурфактантты біріншілік еңгізудің мерзімі:

<question> Жаңа туған нәресте қолында және денесіндегі терісінде бірнеше көпіршіктер диаметрі 0,5-тен 1,0см негізінде қызыл түспен қоршалған, құрамы серозды-іріңдімен толған. Бұрынғы көпіршіктер орнында қабыршақтар жоқ. Никольский симптомы теріс. Баланың жалпы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 47 беті

жағдайы орташа ауырлықта, бала әлсіз, дене қызуы 37,8С. Нәресте күлдіреуігі диагнозы қойылды. Тиімді ем:

<question> Нәресте І жүктіліктен, өзгеріссіз өткен, босану 38 гестациялық аптада. Туылғандағы салмағы 2900г. бойы – 49см. Анасының қаны – А(II), Rh, нәрестенің қаны АВ (IV), Rh- Апгар шкала бойынша 7 – 8 балл. 3 тәулікте нәрестенің тері жабындысында сарғаю пайда болған. Қөңіл күйі бұзылмаған. Белсенді емеді локсымайды. Туа пайда болған автоматизм рефлекстері белсенді шақырылады. Биохимиялық қан анализінде билирубин 90 мкмоль/л, тікелей емес фракцияда, трансаминазалар қалыпты. Қойылған диагноз: Физиологиялық сарғаю. Тиімді ем:

<question> 2 апталық нәресте, емуі селқос, аздап құсады, дәреті тұрақсыз. Терісі қызарған, қабыршақтанады, бастың шашты бөлігінде себореялы қабыршақтар анықталады. Қолтық асты мен шап аймағында терісі қызарған, баздану анықталады. Болжам диагнозы:

<question> Жаңа туған егіздің сыңары, 1 жүктіліктен, 1 туыттан, Апгар шкаласы бойынша 6 балл. Туа салысымен еңтігу, ТЖ 60 рет минутына, экспираторлы шу (қорсылдаған дем шығару) болған. Қарап тексергенде: дем шығарғанда кеуде қуысы төмен түсуі, мұрын кернелуі, тері жабындыларының бозғылт фонында периоральді цианоз байқалады, бет ұртының үрленуі, жүрек ырғағының ригидтілігі, тыныс алғанда іштің жоғары бөлігінің тартылуы байқалады, аузының көбіктенуі, білезік буыны мен тобық буынының ісінуі байқалады. Жіті әлсіреген тыныс, тахикардия, жүрек үндерінің тұйықталуы анықталады. Осы патология негізінде себебін атаңыз:

<question> Жаңа туған егіздің сыңары, 1 жүктіліктен, 1 туылудан, Апгар шкаласы бойынша 6 балл. Туа салысымен еңтігу, ТЖ 60 минутына, экспираторлы шу (қорсылдаған дем шығару) болған. Қарап тексергенде: дем шығарғанда кеуде қуысы төмен түсуі, мұрын кернелуі, тері жабындыларының бозғылт фонында периоральді цианоз байқалады, бет ұртының үрленуі, жүрек ырғағының ригидтілігі, тыныс алғанда іштің жоғары бөлігінің тартылуы байқалады, аузының көбіктенуі, білезік буыны мен тобық буынының ісінуі байқалады. Жедел әлсіреген тыныс, тахикардия, жүрек үндерінің тұйықталуы анықталады. Осы науқастың ықтимал диагнозы:

<question> Нәресте 34 аптада 2000 г самақпен туылған. Апгар шкаласы бойынша 8-9 балл. Сильверман шкаласы бойынша бағасы 0-1 балл. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<question> Тағамға толеранттылығы белгісіз құрсақ ішілік гипотрофиясы бар нәрестенің тамақтануын есептейді:

<question> 8 жастағы қыз қорыққаннан кейін жүрек соғу, әлсіздік, бас айналу сезінді. Объективті: тері жамылғысының бозаруы, ауыз және мұрын айналасындағы цианоз, ТЖ минутына 24-ке дейін, жүрек тондары тұйықталған, ЖЖЖ минутына 150-ке дейін. Пульс ырғақты, нашар анықталады а. radialis. АҚ 100/60 мм.с.іш жұмсақ, диурез жоғары. Осы пациентті жүргізудегі бастапқы қадам:

<question> Тынысы адекватты, гестация мерзімі > 37апта, салмағы >2500 г , ақау не жарақат жоқ. Нәрестені ары қарай жүргізу тактикасы:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 48 беті

<question> Нәресте ұзаққа созылған босанудың 2-ші периодынан кейін 12 сағат бұрын 2200 гр салмақпен туылды. Тыныс алу өздігінен, бірден, реанимация көрсеткіштері жоқ болды. Анасы емізгісі келсе, әлсіз емеді. Тексеру кезінде: ТЖ- 56., t 35,40 C, патологиялық өзгерістер жоқ. Бірінші кезекте жасау керек:

<question> Жаңа туылған нәресте қыз бала, 3 жүктіліктен, 39 апталық мерздегі 3 туыттан, туған кездегі салмағы—2200 гр., бойы—50 см, бас шеңбері 36 см, кеуде шеңбері 35 см. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<question> Қандай препаратты тағайындау нәрестелердегі геморрагиялық ауруды емдеудің патогенетикалық тәсілі болып табылады?

<question> Нәрестелердегі геморрагиялық аурудың медикаментозды профилактикалық тәсілі болып табылады:

<question> «Ана сүтінен сарғыштану» кезінде тактика:

<question> Қарау кезінде анасы 7 күндік қызында қынаптан бөлінді бөлінуін, екі жақтан сүт бездерінің тығыздалуын байқаған. Өте қорқып педиатрға келді. Сіздің тактикаңыз:

<question> Гемолитикалық ауру бар балада фототерапия әсерсіз болғанда тағындалады:

<question> Бала асфикциямен туылған. 2 сағаттан кейін еңтікпе (ТЖ 66 рет минутына) пайда болды. «қорылдаған» тыныс шығару, төстің тарылуы, сосын цианоз, пародоксальды тыныс, ернінен көпіршік шықты. Өкпеде әлсіреген тыныс. Бала әлсіз, бұлшықет гипотониясы, гипорефлексия, олигурия, іштің кебуі анықталады. Жүрек тондары тұйықталған, тахикардия. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<question> Бала гестациялық мерзімі 39 аптада, 3400 салмақпен бойы-50 см болып туылды. бірден жылады. Анасының көкірегіне алғашқы тәулікте берілген, емі жақсы. Рефлексстер автоматизмге белсенді шақырылады. Бұлшықет тонусы сақталған. К витаминін профилактикалық мақсатта қолданылуы:

<question> Нәресте І жүктіліктен, өзгеріссіз өткен, босану 38 гестациялық аптада. Туылғандағы салмағы 2900 г. Бойы—49 см. Анасының қаны—А(II), Rh, нәрестенің қаны АВ(IV), Rh-; Апгар шкала бойынша 7 - 8 балл. 3 тәулікте нәрестенің тері жабындысында сарғаю пайда болған. Қоңіл күйі бұзылмаған. Белсендіемеді лоқсымайды. Туа пайда болған автоматизм рефлексстері белсенді шақырылады. Биохимиялық қан анализінде билирубин 90 мкмоль/л, тікелей емес фракцияда, трансаминазалар қалыпты. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<question> Шала туылған нәресте 27-28 гестациялық апта мерзімде ерте босанудан туылған, жалпы жағдайы орта ауырлықта, салмағы 1100 г. Тамақтанудың тиімді әдісі:

<question> Бала 1 күндік. Жалпы қарау жасағанда терісінің сарғаюы анықталды, міндетті түрде зерттеу жүргізу керек:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 49 беті

<question> Бала 1-ші қалыпты өткен жүктіліктен туылды. резус-фактору сәйкессіздік бар. Босануға дейін анасы гепатитом А ауырған. Салмағы 3250 г, бойы 50 см. 3-ші күні терісі мен склерасының сарғаюы байқалған. Бала белсенді, жақсы емеді. Стул сары. Бауыр +1 см, көкбауыры пальпацияланбайды. Сарғаюдың пайда болу болжамы:

<question> Нәресте К, перзентханадан екінші күні қанағаттанарлық жағдайда шығарылған. Антенаталды және интранаталды кезеңдер асқынусыз. Баланың антропометриясы жетілу мерзіміне сәйкес. Екінші тәуліктің соңында баланың терісінде ұсақ-папулезді, мономорфты, табиғи қыртыстарда басым орналасқан бөртпелер пайда болды. Сәби анда-санда мазасызданады, емуі белсенді, дәреті бұзылмаған. Сіздің алдын ала диагнозыңыз:

<question> Егулердің күнтізбелік жоспарына сәйкес перзентханадағы нәрестеге егу жүргізіледі:

<question> Балаға 15 күндік, емізу кезінде тез шаршайды. Салмағы артта қалған. Тексеру кезінде: сол қарыншаның пульсациясы, 2 қабырға арасы анық, кіші қан айналым шеңберіндегі гиповолемия рентгенограммасында, сол қарыншаның гипертрофиясы.Сіздің диагнозыңыз:

<question> Салмағы 2,800 грамм, ұзындығы 47 см, қалыпты жүктіліктен және босанғаннан кейінгі толыққанды нәресте. Конъюнктивиттың алдын алу үшін ұсынылады:

<question> Саша ешқандай ауытқусыз, 36 аптада 1600г болып туылған. Тыныс алу қалыпты, жүрек жиырылу жиілігі минутына 120-дан астам, тері түсі-қызғылт, реакциялар-жақсы, бірақ ему мәселесінде қиындықтар туындаған.. Бұл баланың жағдайын қалай жіктейді:

<question> Туылғаннан кейін, жүктіліктің екінші жартысын ауыр гестозы бар ананан тәуелсіз тыныс алудың жоқтығы, жүрекке жиілігі минутына 80 соққы бар, қолдың аяқтарына, бөртпелерге, терінің бояуы - көгілдір. Алғашқы көмек қажет:

<question> Бала туғаннан кейінгі екінші күні еңтігу (ТЖ 60 минуттан көп тыныс алу қозғалысы) және экспираторлы шу пайда болды. Объективті: тері акроцианозбен, төс сүйегінің семсер тәрізді өсіндісінің ішке тарылуы. 4-ші тәулікте жасалған кеуде қуысының рентгенограммасында - өкпе алаңы қарайған, ауалы бронхограмма және интерстициальді эмфизема бөліктері көрінеді. Клиникалық-радиографиялық суретте асқыну пайда болады:

<question> Емізіп жүрген әйелдің температурасы 37,5С-қа дейін жоғарылаған, кеудесінде тығыздану пайда болған. Пальпация кезінде ауру сезімі, аздаған гиперемия. Сауғанда сүттің түсі қалыпты, қан мен ірің жоқ. Сіздің іс-әрекетіңіз:

<question> Ұл бала 5 жаста. Кенеттен дене қызуы 39, 5 С-ге жоғарылады. Бас ауыру сезімі, сандырақ, "тат тәрізді қақырықпен" жөтел, кеуде клеткасында ауыру сезімі пайда болды. Дәрігер қандай ауру туралы күдіктенуі керек:

<question> 5 жастағы бала, жағдайы ІІ дәрежелі тыныс жетіспеушілігі, интоксикация есебінен ауыр күйінде ауруханаға жеткізілді. Тынысы шулы, ара қашықтықтан естіледі, тыныс шығаруы қиындаған. Өкпесінде перкуторлы өкпе дыбысы қораптық ренмен, аускультативті шулы тыныс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 бетін 50 беті

шығарумен әлсіреген тыныс, көп мөлшерде құрғақ ысқырықты және ылғалды орта көпіршікті сырылдар естіледі. Сіздің диагнозыңыз:

<question> 8 жастағы балада пневмоторакс анықталуда, бұл кезде басты шара болып табылады:

<question> 3 жастағы баланың дене қызуы түнде 39,0 С дейін көтерілген, бұл жағдай 4 күн бойы сақталған. Әлсіздік, дем шығару қиындауы мазалауда. ТЖ 38-40 р мин. Қақырықты бактериологиялық себуда пневмококктың бета-лактамаза өндіретін штамдары анықталған. Емдегенде мына препаратты қолданған тиімді:

<question> 9 жастағы бала, шағымдары іріңді қақырықпен жөтелу, әлсіздік. Объективті: өкпесінде перкуторлы – коробкалық рең, аускультативті – қатаң тыныс, барлық алаңда ылғалды әртүрлі калиберлі сырылдар. Бронхограммада – «кесілген ағаш» типінде бронхтар дистальдық бөліктерінің үзілуі. Сіздің диагнозыңыз:

<question> Ұл бала 2 жаста, 5 күн бойына қызбасы болған. Жағдайы ауыр, дене температурасы-39 С, ылғалды жөтел, ауыз-мұрын үшбұрышының цианозы, танаулары кернелген, көз асты көгерулер бар. Өкпесінде-оң жақта жауырын бұрышының астында өкпе дыбысының жергілікті қысқарғандығы, сол жерде әлсіреген тыныс фонында ылғалды ұсақ көпіршікті сырылдар естіледі. Сіздің диагнозыңыз:

<question> 5 жастағы бала клиникаға ауыр жағдайда түседі, ІІ дәрежелі тыныс жетіспеушілігіне, интоксикацияға байланысты. Шулы демалыс алыстан естіледі, дем шығару қиын. Өкпесінде қораптық сарында өкпелік дыбыс бар, аускультативті әлсіз тыныс шулы демалыспен және шашыраңқы құрғақ сырылдар мен ылғалды орташа көпіршікті сырылдар естіледі. ЖҚА – лейкоцитоз, ЭТЖ жоғарлауы байқалады. Кеуде қуысының R-графиясында өкпе түбірі қалыңдаған, өкпе суреті айқын көрінеді. Сіздің диагнозыңыз:

<question> Бала 3 айлық, дене қызуы 38°C, 3 күн бойы жөтелген. Қазіргі уақытта құрғақ жөтел мазалайды. Аускультацияда: құрғақ, ызылдамалы, тарамалы және орта көпіршікті ылғалды сырылдар, қатаң тыныс, перкуссияда қораб дыбысы тәріздес естіледі. Алдын-ала болжам диагноз :

<question> Қыз бала 5, 5 жасар, клиникаға ауыр жағдайда әкелінген. Тыныс жетіспеушілігі ІІ дәрежелі, интоксикациямен. Тынысы шулы, ұзақтан естіледі, дем шығаруы қиындаған. Өкпесі перкуссияда «қорап» тәріздес дыбыс, аускультацияда. Тыныс әлсіреген, дем шығаруы шулы, көптеген құрғақ ысқырықты және ылғалды орта көпіршікті сырылдар өкпенің барлық алаңында. Қандай адын ала болжам диагноз ықтимал:

<question> Науқас 9 айлық. Клиникаға түскендегі шағымы: жөтел, еңтігу, дене қызуының көтерілуі 38°C дейін. Объективті: жағдайы ауыр, тері жамылғылары бозғылт, жамылмалы цианоз, еңтігу, қосымша бұлшық еттерінің қатысуымен. Перкуссияда өкпе дыбысы «коробочным оттенком». Өкпенің екі жағында майда көпіршікті сырылдар. Рентгенограммада-өкпе аймағында мөлдірлеп жоғарлаған, диафрагмасы төмен тұр. Қойылған диагноз: Жедел бронхиолит. Жедел бронхиолитте алдымен қандай емдік тактика қолданылады:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 51 беті

<question> Қыз бала 6 жаста, мынандай шағымдармен келіп түсті: жөтел, әлсіздік, дене қызуы 38, 4°С. Объективті: тері жамылғылары бозғылт, тыныс алуы минутына 34. Өкпеде перкуссияда өкпе дыбысы оң жақта қысқарған, осы жерде демі әлсіз құрғақ және ылғалды майда көпіршікті сырылдар. Диагностикада қандай тексеру әдісі нәтижелі мәлімет береді:

<question> Бала, 12 жаста бронх астмасымен 2 жыл бойы ауырады. Алғашқы бронх астмасының ұстамасы 10 жасында байқалды. Ұстама әдетте ауыр болмаған, беротек ингаляциясымен кетіп отырған. Ұстама жиілігі жылына 3-4 рет, жиірек түнде байқалады. Жалпы жағдайы орташа ауырлықта. Экспираторлы ентікпе байқалады. Көкірек қуысы аздап кернеуленген. Перкуторлы өкпе дыбысы қорап тәрізді. Тынысы ұзақ дем шығарумен, құрғақ, ысқырықты сырылдар естіледі. Тыныс алу жиілігі минутына 35 рет. Ұстаманы тоқтатуға бағытталған бірінші таңдау препараты:

<question> Балада туылған R-граммасында жұқа қабырғалы ауалы қуыс анықталады. 3 күн бұрын температурасы көтерілген, ентігу, жөтел пайда болған, мүмкін болатын диагнозды көрсетіңіз:

<question> 1 жастағы бала стационарға айқын токсикозбен, аралас сипаттағы ентігумен, температурасының 38 С дейін көтерілуімен түсті. Перкуссияда қораптық дыбыс анықталады. Жайылған шулар, жауырын бұрышында сол жақта – тұрақты ұсақ көпіршікті сырылдар естіледі. Диагнозды нақтылау үшін қандай диагностикалық әдіс көрсетілген:

<question> 2 жастағы бала ойнап жүріп кенеттен жөтелді, көгерді, жөтел 10 минутқа жалғасты және қайталанбады. Келесі күні қайта жөтел пайда болды (ұстама тәрізді емес), оң жақта құрғақ сырылдар көп естіледі. Диагнозды нақтылау үшін қандай диагностикалық әдіс көрсетілген:

<question> 7 айлық балада ОРВИ нәтижесінде 4 күннен бастап жағдайы нашарлады. Экспираторлы ентігу басталды. Аускультация кезінде – созылмалы демнің шығуы, әр-түрлі калибрлы ылғалды екі жағынан сырыл пайда болды. Осы аталған емдік препараттар тобының қайсысы емдеуге қарқынды:

<question> Бала 3 жаста, жедел ауырған, дене температурасы 38, 5 С, енжарлық, тәбетінің төмендеуі, ентігу (36-38), аурудың 2 күні учаскелік дәрігер ентігудің аралас сипаты, сол өкпенің төменгі бөлігінде перкуторлық дыбыстың қысқаруын, осы жерде тыныстың әлсірегенін, ұсақ көпіршікті және крепитациялаушы сырылдарды анықтады. Қандай дәрілік препараттарды тағайындау тиімді:

<question> 3 айлық баланы үйіне қарауға дәрігер келді. Баланың анасының шағымдануы бойынша 2 күн бойы жөтелге, субфебрильді қызуға, тәбетінің төмендеуіне, бүгін тамақ жеуден ішуден бас тартады, балада кеуде клеткасының тартылуы байқалады. Сіздің әрекетіңіз, БЖАИЖ келісімімен:

<question> Балаға 5 жас. Бронх демікпесінің жедел ұстамасы, ұзақтығы 2 сағат. Ата-анасы қыз балаға бромгексин мен эуфиллин берген. Сіздің әрекетіңіз:

<question> 8 жастағы оқушы дене қызуының 37, 2-37, 5-қа жоғарылауына, апта ішінде аз бөлінетін қақырық құрғақ жөтелге, тәбетінің төмендеуіне шағымданып келді. Анамнезінен:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 беттің 52 беті

ауру баяу үдемелі жөтелдің дамуы және дене қызуының субфебриалды сандарға дейін көтерілуімен басталған. Объективті: тері жабындылары таза, қызғылт. Аранында шамалы катаралды көріністер байқалады. Қабық конъюнктивасы қызарған. Өкпесінде перкуторлы өкпе дыбысы, ұсақ, көпіршікті жойылған сырылдар естіледі. ЖҚА-де: нейтрофильді лейкоцитоз, ЭТЖ-ның жоғарылауы. Кеуде клеткасының рентгенограммасында: өкпе алаңында біркелкі емес ошақты инфильтраттар байқалады. Таңдаулы препарат болып табылады:

<question> 10 жастағы бала демалудың қиындығының кезеңді ұстамаларына шағымданады. Анамнезінен: Қиын тыныс алу ұстамалары соңғы 1, 5 жыл ішінде 3-4 рет мазалаған, өздігінен басылады, түнгі ұстамалар жоқ. Анамнезінде атопиялық дерматит кеудені объективті қарағанда және рентгенологиялық тексергенде патологиялар анықталған жоқ, Спирография анықтамалары бойынша PCV-85%. Диагноз қойыңыз:

<question> Қыз бала, 3 жас 2 ай. Әлеуметтік-биологиялық анамнезі жақсы, физикалық және психомоторлық даму жасына сәйкес. Анамнезінде сирек кездесетін асқынусыз өткір респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) болған, олар бойынша амбулаторлық симптоматикалық ем қабылдаған. 2 жас 10 айдан бастап балабақшаға барады. 4 күн бұрын жоғары температураның көтерілуі, интоксикация симптомдарының пайда болуы (әлсіздік, тәбетінің төмендеуі) салдарынан жедел ауру басталды. Аурудың 1-ші күнінде учаскелік педиатрдың қарауында болып, балада ЖРВИ диагнозы қойылды. Дененің температурасын бақылау, жұқпаны түсіретін дәрілерді қабылдау, мол сусын ішу ұсынылды. Келесі 3 күн ішінде баланың жағдайында оң өзгерістер байқалмады, қыз бала жоғары температурадан арылмады, интоксикация симптомдары сақталды, жөтел пайда болды. Екі жақта өкпеде әртүрлі сырылдар естіледі, сол жақта төменгі бөлігінде тыныс алу әлсіреген. Зәр шығару және нәжіс бұзылмаған. Алдын ала диагнозды қойыңыз.

<question> Ауыл дәрігерінің қабылдауына анасы 7 жастағы баласымен келді. Ұл бала 6 айдан бері ауырып жүр, сол кезде алғаш рет «Обструктивті бронхит» диагнозы қойылған. Кейіннен бұл ауру 2–4 айда бір рет қайталанып тұрды. 2 жастан бастап типтік тұншығу ұстамалары байқалды. Емдеу тек ұстаманы жоюға бағытталған болды. Соңғы 2 жылда ұстамалар жиілеп кетті (аптасына бірнеше рет). Соңғы ұстама – 2 күн бұрын болды. 1 ай бұрын өткізілген сыртқы тыныс алу функциясын зерттеу нәтижесі –обструктивті түрдегі бронхтық өткізгіштігінің тұрақты бұзылуы, форсирленген дем шығарудың көлемі 68%, пиктік жылдамдық 70%, Вентолинмен жасалған тест әрқашан оң нәтиже көрсеткен. Үй шаңына, көктерекке және кейбір шөп түрлеріне сенсibilизация анықталды. Бала үнемі натрий кромогликаты, b2-адреномиметиктер, муколитиктер алады, ингаляциялық глюкокортикостероидтар периодты түрде қолданылған. Тұқымқуалаушылық: баланың анасының әкесі бронхиальды астмамен ауырады, анасы аллергиялық ринитпен ауырады. Объективті: бала астеникалық дене бітімімен, физикалық дамуда артта қалады. Сөйлесуге ынтасы жоқ, сұрақтарға қысқа жауап береді. Тыныс жетіспеушілігінің белгілері жоқ. Терісі таза, бозғылт, периорбиталды цианоз бар. Тыныс алу қатты, дем шығару қиындаған, тұншығу жоқ. Тыныс алу жиілігі (ТЖ) – 27 1 минутта. Пульс – 90 соққы/мин, артериалды қысым – 110/65 мм рт. ст. Іші жұмсақ, ауырсынусыз, бауыр +1 см, серпімді, көкбауыр пальпацияланбайды. Диагнозды қазіргі классификация бойынша тұжырымдаңыз.

<question> 6 айлық бала. Қыз бала бірінші жақсы өткен жүктіліктен, шұғыл босану жолымен дүниеге келген. Туған кездегі салмағы 3200 г, ұзындығы – 50 см. Босану және жаңа туған кезеңде

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		62/22 () 53 бетін 53 беті

ерекшеліктер болмаған. 1 айынан бастап жасанды тамақтандырылуда. 2 айында бетінде және қолдарында аллергиялық бөртпе пайда болды, ол жергілікті Адвантан препаратымен емделді. 3 айында бала ЖРВИ-ді бастан өткеріп, симптоматикалық ем қабылдады. Ананың тағамдық және дәрілік аллергиясы бар. Қазіргі ауруы температураның фебрильді деңгейге дейін көтерілуімен басталды, құрғақ, үзік-үзік жөтел, тыныс алу қиындықтары мен дауысты тыныс алу белгілері пайда болды. Тексеру кезінде жағдайы ауыр. Терісі таза, бозарған. Кеуде қуысының икемді жерлерінің тартылуы, мұрын қанаттарының кеңейуі, периоральды цианоз байқалады. Тыныс алу жиілігі – минутына 60. Перкуссиялық тексеру – өкпелердің үстінде өкпе дыбысы, қораптық реңкпен. Аускультацияда: дем алу кезінде және дем шығарудың басында ұсақ көпіршікті сырылдар байқалады. Жүрек шекарасы: оң жағы – кеуде сүйегінің оң жақ шекарасынан 0,5 см ішке қарай, сол жағы – сол жақ ортаңғы бұғана сызығынан 0,5 см сыртқа қарай. Жүрек соғысының дыбысы айқын, ырғақты, жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ) – минутына 140 соққы. Температура 38,6°C. Іші аздап ұлғайған, пальпация кезінде ауырсынусыз. Бауыр – қабырғадан 2 см төмен. Зәр 2 рет шыққан, жұмсақ, сары, патологиялық қоспаларсыз. Жалпы қан анализі: Нb – 132 г/л, эритроциттер – $4,3 \times 10^{12}/л$, лейкоциттер – $12,8 \times 10^9$, таяқша нейтрофилдер – 14%, сегментті нейтрофилдер – 50%, лимфоциттер – 23%, эозинофилдер – 10%, моноциттер – 7%, СОЭ – 15 мм/ч. Кеуде қуысының рентгенографиясы: өкпелік алаңдардың, әсіресе периферияда, мөлдірлігінің (прозрачность) жоғарылау және диафрагманың төмендегені байқалады.

Алдын ала диагноз қойыңыз: